

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті  
Тарих факультеті  
Археология, этнология және музeология кафедрасы

**«Теориялық архeология» пәні  
бойынша қорытынды емтихан жүргізу бағдарламасы және  
әдістемелік ұсыныстары**

«7M02207 Археология және этнология» білім беру бағдарламасы

Алматы 2024 жыл

**Құрастырушы:**

Бексеитов Ғ.Т. т.ғ.к., Археология, этнология  
және музеология кафедрасының аға  
оқытушысы

---

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі және  
атағы)

«Теориялық археология» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу бағдарламасы  
және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды « »

\_\_\_\_\_ 2024 ж., хаттама № \_\_\_\_\_

Суденттер «Теориялық археология» пәні бойынша емтихан дәстүрлі жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

UNIVER жүйесіне (univer.kaznu.kz) сұрақтар үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

**Емтихан өткізу регламенті:** Емтихан алдын-ала бекітілген кесте бойынша өтеді.

**Емтихан ережелері:** Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге болмайды. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

### **Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:**

1. Археологияның теориялық және методологиялық зерттеу объектілері
2. Теориялық археологияның әдістері
3. Факт термині және оның теориялық археологиядағы мағынасы
4. Мерзімдеу мен кезеңдеу және стратиграфия мен мәдени қабат
5. Өркениет терминінің мағынасы мен оның белгілі бір ескерткіш нысандарымен байланысы
6. Археологиялық мәдениет терминінің қалыптасуы
7. Археологиялық мәдениет пен этнос мәселелері
8. Классификация мен жүйелік анализ
9. Дифференциация және археологиялық материалдар мен ескерткіштердің ұқсастығы
10. Қалыптастырудың екі түрі: компиляция мен экспликация
11. Түсіндіру - нақты материалды түсіндіру, тарихи оқиғалар мен тарихи шындықты қайта құру.
12. Археологиялық қазба материалдарын жүйелеу
13. Эмпирикалық және теориялық зерттеу әдістерінің бір-бірімен байланысы мен қарым-қатынасы
14. Археологиялық басылымдар мен ғылыми тұжырымдардың жолдары
15. Компиляция мен экспликацияның ерекшеліктері

Емтихан тапсыру кезінде студенттер қабілетті болуы тиіс:

- Археология ғылымының негізгі ғылыми бағыттарын айқындау;
- Қазіргі замандағы археологиядағы қалыптасқан ғылым-теориялық мәселелермен айналысатын мектептер мен олардың атқарып жатқан жұмыстарына сараптама шолу жасау ;
- Отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдары мен ой-пікірлерінен танысу және талдау;
- Белгілі теория мен методология саласында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың еңбектерін жіктеу ;
- Тапсырмаларды орындау барысында коммуникативті қабілетті дамыту, тас ғасыры археологиясын меңгеру, зерттеу жұмысы деңгейін жетілдіруге жаңа идеялар ұсыну;
- Магистрант орындаған тапсырмаларына объективті баға беру, топтағы көшбасшылық қасиетті қабылдай білуге дайын болу, кәсіби дамудың жаңа бағыттарын анықтау.

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **Негізгі әдебиеттер тізімі:**

1. Жан-Клод Гарден. Теоритическая археология. – М., 1983.

2. Полевая археология древнекаменного века. – М. 1990. (КСИА №202).
3. Мартынов А.И. Методы археологического исследования. – М., 1989.
4. Клейн Л.С. История археологической мысли. – Спб., 2007.
5. Шер Я. А. Некоторые вопросы теоретической археологии // Тез. докл.на сессиях, посвященных итогам полевых исследований 1971 г. М., 1972.
6. Каменецкий И. С., Маршак Б. И., Шер Я. А. А н а л и з археологических источников: (Возможности форма ливова иного подхода). М., 1975.
7. Шер Я. А. К характеристике структуры общей археологии // Тез. докл. сессии, посвященной итогам полевых археологических исследований 1972 г. в СССР. - Ташкент, 1973.
8. Генинг В. Ф. Объект и предмет науки в археологии. - Киев, 1983.
9. Клейн Л. С. Археологические источники. - Л., 1978.

**Қосымша әдебиеттер:**

1. Принципы и методы датирования в археологии(неолит-средние века). -СПб., 2018.
2. Авдусин Д.А. Полевая археология СССР. Учеб. пособие. – М., 1980

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
<b>Курстың теориясы мен тұжырымд амаcын білу және түсіну</b>	«Өте жақсы» деген баға археологияның даму кезеңдерін талдап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық ашылуы	«Жақсы» деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, діни мәдениеттер мен құбылыстардың ерекшелігі көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	«Қанағаттанарлық» деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
<b>Таңдалған әдістеме мен технология ны нақты практикалық тапсырмал арға қолдану</b>	Қазақстанның палеометалл дәуірі археологиясын а қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
<b>Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі</b>	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Археологиялық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.